

мен қоғамдық келісімді нығайтудың түпқазығы болып табылады. Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын жүзеге асыруды ұсына отырып, қазақ елін әлемдегі үш тілді қатар тұтынатын білімді де білікті ел ретінде танытуымыз қажет екенін және мемлекеттік тіл – қазақ тілі екенін ерекше атап көрсеткен.

Тілдерді дамытуда сөздің экологиялық мәселелерін болдырмау үшін ұлт тілінің мемлекеттік статусын сақтап қалу, ұлттың экологиялық санасын реттеуді талап етумен қатар ұлттық тілге көзқарасты өзгертуге баса назар аударылуы керек.

Әдебиеттер тізімі

- Әлкебаева, Д.А. Сөз мәдениеті: Оқу құралы [Мәтін] / Д.А. Әлкебаева. – Алматы, 2011. – 207 б.
Серғалиев, М. Стилистика негіздері [Мәтін] / М. Серғалиев. – Астана: Астана нұр, 2004. – 270 б.
Сыздықова, Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы [Мәтін] / Р. Сыздықова. – Астана: Елорда, 2001. – 310 б.
Уәлиев, М. Сөз мәдениеті. Қазақ тілі: Энциклопедия [Мәтін] / М. Уәлиев. – Алматы, 1999. – 784 б.
Шалабай, Б. Қазақ тілінің стилистикасы. Оқу құралы [Мәтін] / Б. Шалабай – Алматы, 2006. – 304 б.

Мәлімет редакцияға түсті: 09.04.2018

ЖУМАШЕВ, М.Д., САРТАЕВА, С.А. ЛИНГВОЭКОЛОГИЯ

Статья посвящена актуальным проблемам лингвоэкологии. Рассмотрена значимость и востребованность государственного языка в лингвистических, воспитательных, эстетических, коммуникативно-прагматических, культурно-познавательных, социально-философских сферах.

Ключевые слова: лингвоэкология, культура речи, национальный язык, повышение качества речи, государственный язык, языковая норма.

ZHUMASHOV, M.D., SARTAIEVA, S.A. ENVIRONMENTAL SPEECH

The purpose of the study: to study and explore the official language of the linguistic, didactic, aesthetic, communicative-pragmatic, cultural, and other approaches.

Keywords: Environmental speech, cultural, linguistic nature, national language, language norma.

УДК 82

Бекбосынова, А.Х.,
филология ғылымдарының кандидаты,
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,
ҚМПУ, Қостанай қ., Қазақстан
Оңалбаева, К.Е.,
4 курс студенті, ҚМПУ,
Қостанай қ., Қазақстан

ҚАҒАРМАНДЫҚ ЭПОСТАРДАҒЫ ӘЙЕЛ ЖӘНЕ ТҰЛПАР ОБРАЗЫ

Түйіні

Әйел және тұлпар образы – барлық қаһармандық эпосқа көрік беретін, жырды толықтырып, мәнін аша түсетін қызық та шытырман бейнелер. Мақалада қаһармандық эпостарда кездесетін әйел мен ат бейнесіне талдау жасалынып, мағынасы ашылады.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: сұлулық, нәзіктік, ақылшы, өмірлік жар, жолдас – серік, мәңгілік дос.

Қаһармандық жырлардың көбі ел бірлігі мен бейбітшілікті аңсаудан туған. Батырлар жыры: ата-ананың баласыздық тауқиметі, батырдың дүниеге келуі, оның уақытпен жарыса өсуі, өзіне жолдас, серік боларлық тұлпар таңдауы, өмірлік жарына қол жеткізуде ұшыраған тосқауылдардан сүрінбей өтуі, елге жеңіспен оралуы сынды әсем композицияға құрылады. Эпостық жырларда тек кейіпкердің батырлық әрекеттері ғана суреттелмей, онда ел, жер тағдыры, халықтық салт-дәстүр тізбектеліп көрсетіледі.

Қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын зерттеуде орасан зор еңбек еткен, өзіндік пікір қалдырған зерттеуші Ш.Уәлиханов былайша тұжырым жасайды: «Қаһармандық эпоста халықтың рухы, көзқарасы, әдеті, мінез-құлқы, тұрмыс-тіршілігі суреттелген. Сондықтан бұл жырлардың әдебиет жағынан болсын, тарихи жағынан болсын маңызы зор» [1, 191].

Қазақ халқының әйел затына деген қадір-қасиеті, ана мен қарындасты аялап, мейіріммен қарауы, сүйген жарға қамқор болуы ата дәстүрімізден бері қалыптасқан ғұрып. Осындай тәртіп батырлар жырында да сипат алуы темірдей қатаң қағиданың арқасы. Қаһармандық эпостарда суреттелетін әйелдер көбінесе батырдың сүйікті өмірлік жары, сенімді серігі, ақылшы досы ретінде алынады. Әйелдердің образын жасау арқылы олардан да дана, көсем, көркіне ақылы сай, білгір, ақылшы жолдас шығатынын көрсетеді.

Эпостық шығармаларда батырдың өзіне лайық жары, тұлпары, т.б. көмекші достары болады. Батыр қанша күшті, қаһарман болса да олардың жәрдеміне мұқтаж. Ол қиналған шақта, немесе аяғын шалыс басқан кезде сол жәрдемшілер міндетті түрде көмекке келеді. Ең басты қолдаушысы – жеті кәміл пірі [3, 227].

Осы негізде туған көркем образдың бірі – Гүлбаршын. Жырдың композициялық жағын алғанда, көптеген әңгімелер Гүлбаршынға байланысты дамып отырады. Байбөрі мен Байсарының құда болысуы, Тайша мен Қаражанның таласы секілді күрделі оқиғалардың негізгі түйіні – Гүлбаршын. Жырдағы сюжет құрылысында осындай айрықша орын алған Гүлбаршынның образын жасауға жыршылар үлкен мән береді.

Гүлбаршын асқан көркем сұлулықтың бейнесі ретінде ғана суреттелмей, ел сүйген батырға жар-жолдас, кіршіксіз таза, айнымас дос тұлғасында жырға қосылады. Жырда Гүлбаршын асқан ақылды, әдіс-айласы мол, досына сенімді серік, адал ару бейнесінде көзге түседі. Ол досының алдында болсын, дұшпандарының алдында болсын өзінің де, Алпамыстың да абыройын түсірмей, көтере ұстайды. Қаншама қысылтаяң кезде ақылмен жол тауып, төніп келген қауіптен құтылып отырады.

Тайша хан мен Қаражан қызды: “Мен алам, мен алам”,-деп таласқа түскен кезде, сөз салмағы, таңдау кезегі Гүлбаршынға беріледі. Осы бір кезде Байсара мен Алтыншаш қатты сасып, Тайшадан да, Қаражаннан да қорқатындарын аңғартады. Бірақ бұл жағдайдан ата-анасын да, өзін де Гүлбаршын ақылдылықпен алып шығады. Хан мен Қаражанның жіберген жаушыларына Гүлбаршын:

Арада алты ай өткенде,
Арығы болса семірсін,
Семізі болса таптасын...
Мініп бедеу желгенге
Армансыз дәурен сүргенге,
Қырық күншілік байрақтан,
Аты озып келгенге,
Күй Қызылбас демеймін,
Бақыты қара Баршынмын,
Хан, қараңа айтып бар,
Өзім соған тиемін, –

деп жауап қайырады. Таласқа түскен хан мен батырдың ешқайсысына да уәде бермей ұзын сонарға салады. Өзінің сүйген жары Алпамысты “келеді” деп үміттенгендіктен жанағы жауапты қайырады. Алпамыспен табысатынына қатты сенеді. Ол Алпамыс келер мерзімін анық білмесе де, таласқан адамдарын жіпсіз байлап, уақытты өткізе беруді көздейді. Қандай

қиын жағдайда тұрса да Гүлбаршын Алпамыстан күдер үзбей, қайта оған деген махаббаты мен сүю сезімі арта береді. Сондықтан да ол қалмақтың ханын да, батырын да менсінбейді. Бұл ретте ол Алпамысты өзінің сүйген жары есебінде ғана емес, бүкіл қоңырат жұртының ардақты ұлы деп сүйеді.

Қысылтаяң уақытта айла жасап, ақылмен жол тапқан Гүлбаршын Алпамыс келген кезде хан мен Қаражанға ілгеріде айтқан уәдесінен тайынбайды. “Қырық күншілік жерден аты озып келген кісіге тиемін”, – деген сөзін Байшұбардың озып келетіндігіне сенгендіктен “Айтқаным айтқан”, – деп уәдесінде тұрады. Хан жағы бұл шартты қомсынып, палуан күресін ұсынатын болса, онда Алпамыстың жеңетіндігіне шүбә келтірмейді. Сондықтан да Гүлбаршын сөзге сынық болмас үшін еркін сөйлеп, бұрынғы уәдесі берік екендігін білдіреді. Бұл әңгімелерді халық жыры Гүлбаршынның жағымды образын жасау үшін қиыстыра бейнелеген.

Гүлбаршын, басқа жырлардағы батырлардың әйел жолдастары секілді, Алпамысқа қамқоршы дос, жәрдемші жар болып суреттеледі. Басқа жырларда батырға керекті қару-жарақты немесе тұлпарды дайындап беруші – батырдың сүйген жары болатын [2, 268]. Мысалы «Қобыланды батыр» жырын алайық. Құртқа Сәлімбайдың көк ала биесін қалап алып, батырға ат, сауыт-сайман әзірлейді. Ол Тайбурылды бағып күтуші ғана емес, ел күніне жарайды деп, алты жасар аңғал бала Қобыландыны да ерлікке әзірлейтін, батырдың ақылшысы, қамқоры. Батыр Құртқадан жауға аттануға рұқсат сұрағанда, ол: «Бұл сапарға бармасын, бұл олжадан алмасын» деп ақыл береді. Сол үшін Қобыланды «қатын» деген сөзге душар болып, әйелін шауып тастай жаздайды. Бірақ Бурылды жетелеп шығып, өксіп жылаған Құртқаны көргенде, Қобыланды өз жарының ақылдылығына риза болып:

Құртқажан неге қамықтың,
Жолбарысың, мен есенде.
Осы барған сапардан
Есен барып, сау қайтсам,
Әйел де болсаң басыңды,
Хан қылармын халыққа, –

дейді [4, 151].

Мұндай адамгершілік қасиет Гүлбаршында да бар. Оның бұл реттегі қызметі төрт аяғы күп болып ісіп кеткен Байшұбарды емдеуімен көрсетіледі.

Байшұбар аттай бедеудің
Аяққа қаққан шегесін,
Арам қанын аяқтың,
Қорықпай сорып алады,
Зиянды қанды қоймайды,
Қысып ұстап қышқышпен,
Табандап суырып алады.
Төрт қозының құйрығын
Қазанға салып күйдіріп,
Аяққа орап салады, –

деп, жыр Гүлбаршынның Байшұбарға жасаған емін суреттейді.

Алпамыстың жеті жыл бойына хабарсыз кетуі бүкіл қоңырат жұртымен қатар, Гүлбаршынға да қатты батқан кез еді. Бұл жылдар Гүлбаршын үшін қорлығы көп, азабы мен қайғысы мол мезгіл болатын. Бірақ Алпамысты адал көңіл, ақ ниетімен сүйген Гүлбаршын соның бәріне шыдайды, жарын сағына күтеді. Батырға деген адалдығын, кіршігі жоқ махаббатын басынан аяғына дейін сақтайды.

Мұны ол диуана кескінінде келген Алпамысқа айтқан сөзінде толық дәлелдейді. Жеті жыл бойында ойынан Алпамыс шықпағанын, басқа еш адамға көңіл бөлмегенін айта келіп:

Осы Байсын белгілі,
Жерім болсын,
Сол құлыңның сөзіне,
Құлақ салсам.

Жалғыз ұлым жарқырап
Керім болсын,
Әкем келіп некелі,
Ерім болсын, – дейді.

Гүлбаршынды жыр әрі ақылды-айлалы, сертте тұрғыш, адал адам етіп суреттей отырып, оны Алпамыстың сүйікті жары, жәрдемші досы етіп бейнелейді. Сол үшін оны өз кезінің үлгілі қызы деп жырға қосады [2, 268].

«Қобыланды батыр» жырында батырдың үнемі құлақ асып, ақыл-кеңес сұрап отыратын серігі ретінде Құртқа бейнеленеді.

Құртқаның ақылына сай әзіл-мысқылы да бар. Алшағырды алдап қамал сыртына шыққанда, Тайбурыл оның иісін біліп, арқанын үзіп, Құртқа алдынан шауып шығады. Қобыландыға жақын келгенде, тезек терген ала қабын ішіне байлап алады. Бұл аңғал батырды сынау, елге сенің еңбегің менен артық емес дегендік, ерлік салыстыру болмақ. Ол жолжорағадан батырды әр жерде-ақ ұтады. Қобыланды сол жерде әйелін құшпақ болғанда, Құртқа: «Ер әйелін сағынбайды, елін сағынады, елінді жаудан азт етпей жатып көріспелік, көрісек, ертең жауларың елінен бұрын әйелін тапқан деп, бойыңа мін тағады» дейді. Осы тұста батыр:

- Бұлғай да, бұлғай, бұлғай ма?
Бұлғайдың түбі тынғай ма?
Өтірік айтқан оңғай ма?
Түлкі киген тоңғай ма?
Бұл қылығың, қыз Құртқа,
Патшаға бітсе болмай ма?
Бұлаңдаған қыз Құртқа,
Әйел болдың амал жоқ,
Егер еркек болғанда,
Болар ең тұтқа бір жұртқа, –

дейді [6, 154].

Ғалым Р.Бердібаев «Қазақ эпосы» кітабында батырлық жырлардағы тұлпар бейнесіне толықтай мәлімет беріп өтеді.

Эпоста сүйіспеншілікпен суреттелетін бейнелердің бірі – жүйрік ат бейнесі. Сауса сүт, мінсе көлік, сойса ет дегендей жылқы түлігі ел санасынан өшпес орын алған, бұл тарапта неше алуан аңыздар, өлеңдер, мақал-мәтелдер шығарған. Соның бәрінде жүйрік жорға, тұлпар, арғымақ тұлғасы көкке көтеріле мадақталады.

Мұның түп негізі жылқының адам баласы тарихымен бірге жасасып, қызығына да, қиындығына да ортақ болып келе жатқанының белгісі. Қолда өсірілген жылқылар мен жабайы мал-тарпаңдардың өте ұқсастығын да зерттеушілер атап көрсеткен. Ал «тарпаң» атауы қазақ арасында да кеңінен мәлім болған. Үйренілмеген асау малды «мінезі тарпаң» деп сипаттаған. Бұл сөз ақындардың өлеңдерінде ұшырап отырады. Атақты ақын Мұсабек Байзақов пұл-ақшаның құдіретін:

Пұл – қаршыға Қырымнан ілетұғын,
Тасқа салсаң таспадай тілетұғын.
Айыл, құйысқан, тартпаның керегі жоқ,
Тарпаңды тырп еткізбей мінетұғын, –

деп суреттейді.

«Ат ердің қанаты» деген нақылда замандар бойында қалыптасқан түйінді пікір жатыр. Соғыстың, жеңістің тағдырын атты әскер шешетін заманда жүйрік аттың қаншалықты қадірлі болғанын түсіну қиын емес. Жүйрікке қол жеткізу ер жігітке қаншама мәртебе болса, жаяу қалу соншалық қорлық саналған. Жырларда жүйрік атқа деген махаббат ерекше көркемдік қуатпен бейнеленген.

Қаһармандық эпоста батырдың аты түрлі жағдайда алуан сипат танытатын киелі жануар есебінде елестейді. Сол қасиеттерді жинақтап келгенде мынадай белгілер ерекшеленіп шығады:

1. Ұшқан құстан озатын орасан жүйріктігі;
 2. Алыс жолға алқынбай жететін қайратты, төзімділігі;
 3. Батырдың мінезі мен тілегін сезіп отыратын, дұшпанның арам пиғылын танитын естілігі;
 4. Қысылтаяң тұстарда «тіл бітіп», батырға ақыл-кеңес беретіндігі;
 5. Сын сағаттарда түсін өзгерте алатын сиқырлы өнері болатыны;
 6. Жау келе жатқанын күн ілгері сезіп, иесіне қауіпті білдіретіндігі;
 7. Батыр мерт болса, денесін далада қалдырмай, еліне алып келетін қайырымдылығы,
- т.б. [5, 114].

Құртқа қырық үш күні кем тайды далаға алып шыққанда, ол аспанға екі-ақ рет секіреді. Соның салдарынан Қобыланды қашқан Көбіктінің Тарлан атына жете алмайды. Тайбурыл өз иесімен адамша сөйлеседі (қамшы тиген жер):

Қобыландының қамшысы
Тайбурылға шын батты,
Шыбын жаны тым тәтті.
Санына қамшы батқан соң,
Қаны судай аққан соң,
Жоғарғы ерні жыбырлап,
Төменгі ерні қыбырлап,
Тайбурылға тіл бітті,
Тайбурыл сонда сөйледі:
«Тауға бітер емен, тал,
Кімге келмес керімсал,
Назбедеу атқа бітер жал.
Аямай тарттың қамшыңды,
Өлмесем де кеудемнен
Шыға жазды шыбын жан,
Батыр туған Қобылан нар!» [7, 41], –

деп ренішін осылай білдірсе, батырдың барлық сертін орындайды (қырық күншілік жолды бір күнде алу) [4, 151].

Ат қылып Тәңірім жаратты
Сен секілді сыбайға.
Қысылған жерде ер жігіт
Бір Тәңірге жылай ма?
Қырық күншілік Қазанға
Бір-ақ күнде жет дейсің,
Ұшқан құсқа оңай ма?!
Қиын да болса, Қобланды ер,
Қиналармын қайтейін,
Уағадаңыз солай ма?
Намаздігер өткенше,
Намазшамға жеткенше,
Қазанның Сырлы қаласын
Көрсетпесем көзіңе,
Түсірмесем жүзіңе,
Жан серігің Бурылды
Сол жерде шал Құдайға! [7, 41]

Тайбурылдың шабысына лайық шабытты өлең шалқиды да отырады.

Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады,
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл
Жын қаққанға ұқсады,
Құлан менен құлжаның
Ұзатпай алдын тосады.
Көл жағалай отырған
Көкқұтан мен Қарабай
Көтеріліп ұшқанша
Белінен басып асады.
Дуадақ пен жек қалды,
Әлде өтірік, әлде шын
Ақ сұңқар мен лашын
Өлген құсты жеп қалды.
Ебелек ұшпас елсізден,
Көбелек ұшпас көлсізден,
Құла мидай шөлдерден,
Адам жүрмес жерлерден,
Батпақ-лай көлдерден,
Асқар-асқар белдерден,
Жалғыз шауып, жол шекті,
Үмітін үзіп келеді,
Қараспан тауын жайлаған
Қалың қыпшақ елдерден.
Намаздігер өтті енді,
Намазшамға жетті енді,
Қобыланды мен Бурылдың
Уәдесі бітті енді... [5, 117].

Қияттар олжаға бөгіп, Қобыландыны жалғыз тастап кеткенде, қыпшақ елінің жайын Тайбурыл батырдан бұрын біліп, ақсап қалады. Онысы батыр жанында туған ауыр сезімге ортақтасу болмақ. Алшағыр қамалының сыртында анасы Құртқаға батырдан бұрын баруы – аттың үй, ел борышын Құртқа, Қобыландымен бірдей ойлайтынын білдірмек. Жырда Тайбурылдың сипаты мен шабысы мейлінше әсіреленіп, романтикаланған. Тайбурыл шабысында халық фантазиясының алуан түрлі пернелері бар. Ол – бірде ерлік, бірде батыр басында болған қайғылы сезімдердің символы болған ат. Елімен бірге қуанып, қайғырады [4, 152].

Батырдың көңіл-күйін «танитын», керек кезінде ақыл-кеңес беретін жүйрік көп жырда кездесіп отырады.

Алпамыс батырдың киімінің иісін сезген Байшұбар темір торлы қапасты бұзып шығады. Жырдың бір нұсқасында қалмақ батыры Қараманның астындағы қара аты алыста келе жатқан Алпамысты «болжап», аяғын ілгері баспай қояды. «Ер Тарғын» жырында тарлан ат соңынан қуғыншы бар екенін батырға сездіреді. Алтай халқының эпостарында батырдың астындағы аттары жау көзіне түспейтіндей басқа кейіпке көшеді.

Жүйрік ат жайында жазылған шығарма, бейнелеу өнері суреттері, әсем ән мен күй аз емес. Бірақ тұлпардың ескі замандағы өшпес, ұмытылмас ең кесек тұлғасы қаһармандық эпоста жасалған секілді [2, 118].

Көшекова Айнұр Арғынтайқызы «Қазақ эпосындағы ат образы» авторефератының «Архаикалық эпос және ат бейнесі» атты тақырыпшасында көне эпостарға жатқызып жүрген шығармалардың типтері және олардың ат бейнесі талданады. Біздің пікірімізше көне эпосқа

жатқызылып жүрген шығармаларды өзіндік ерекшеліктерін, сипаттамаларын есепке ала отырып, төмендегідей екі топқа жіктеуге болады:

- а) Ежелгі архаикалық эпос;
- б) Классикалық архаикалық эпос.

Ежелгі архаикалық эпосқа жататын шығармалар көнелігімен, архаикалық мотивтердің, қиял – ғажайып элементтерінің көп болуымен ерекшеленеді.

Классикалық архаикалық эпостар – қиял-ғажайып қосындылардың, архаикалық мотивтердің көп болуына қарамастан, салыстырмалы алғанда, соңғы дәуірде шығарылған дастандар болып табылады.

«Қобыланды батыр» эпосындағы архаикалық мотивтер мен қаһармандық эпостардағы ат пен батыр бейнесі атты тараушада Тайбурылдың бейнесін суреттеуге тоқталады. Онда тұлпар туралы:

Күн түсірмей көзіне,
Жан тигізбей өзіне,
Үстіне шатыр тіккізді,
Түндікпенен күн берді,
Түтікпенен джем берді,
Туғалы күнді көрмеген,
Түнектен шыққан Тайбурыл, –

деген жолдар арқылы ежелгі билеушілерді қапаста ұстау ғұрпы көрініс тапқанын көрсетеді.

«Қобыланды батыр» эпосында Тайбурылдың образын сомдауда басқа да бірқатар архаикалық элементтер кездесді:

Бұлаңдаған Бурылдың
Маңдайында машат бар,
Марал ішсе таусылмас
Құйрығында құдық бар
Құлан ішсе таусылмас, –

деген жыр жолдары беріледі [8, 8].

Қорытындылай келе, қаһармандық эпостардағы әйел және тұлпар образының берілуі қазақ елінің бұл екеуін де аса құрметтеп, қадірлегенін, күнделікті тұрмыс-салтқа қажетті дүниелер екендігін аңғартады. Басты қаһарманның іс-амалынан әйел затының соны бір нәзік, махаббатқа адал екендігін Гүлбаршын образын берумен сипаттаса, батырдың барар жолын жақын етіп, көңіл-күйінен нені қалайтынын аңғарып, мақсатына жетуде аянбайтын серігі ретінде Тайбурылды бейнелеу арқылы көрсеткен. Қазақ эпосы қай жағынан болсын кемел ұрпақ тәрбиелеуде мән-мағынасы терең, тәрбие берерлік құнды дүние

Әдебиеттер тізімі

- Уәлиханов, Ш. Таңдамалы [Мәтін] / Ш. Уәлиханов. – Алматы, 1985. – 431 б.
Қазақ әдебиетінің тарихы, I том. 1960. – 429 б.
Қасқабасов, С. Ойөріс [Мәтін] / С. Қасқабасов. – Астана: Астана полиаграфия, 2009. – 320 б.
Қоңыратбаев, Ә. Қазақ фольклорының тарихы [Мәтін] / Ә. Қоңыратбаев. – Алматы, Ана тілі. 1991. – 288 б.
Бердібаев, Р. Қазақ эпосы [Мәтін] / Р. Бердібаев – Алматы: Ғылым, 1982. – 229 б.
Қоңыратбаев, Ә. Қазақ эпосы және түркология [Мәтін] / Ә. Қоңыратбаев. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.
Төрт батыр. I том. – Алматы: Жазушы, 2003. – 127 б.
Көшекова, А. А. «Қазақ эпосындағы ат образы» авторефераты [Мәтін] / А. А. Көшекова. – Алматы. – 2009. – 25 б.

Мәлімет редакцияға түсті: 24.05.2018

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., ОНАЛБАЕВА К.Е.
ОБРАЗЫ ЖЕНЩИН И СКАКУНОВ В ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ**

В статье раскрыты образы женщин и скакунов, встречающихся в героических эпосах, как основополагающая конструкция духовной жизни, которая определяет особенности мировосприятия, характера, ментальности, художественного творчества и истории народа.

Ключевые слова: красота, нежность, интеллект, спутница жизни, товарищ-партнер, вечная дружба.

**BEKBOSYNOVA, A.KH., ONALBAEVA, K.E.
IMAGES OF WOMEN AND HORSES IN THE HEROIC EPICS**

Woman and Horsemanship is an enticing and entertaining decorations that beautifies the entire heroic epic, adds to the pear and opens its essence. The article analyses the image of a woman and a horse that is found in heroic epics and opens its meaning.

Keywords: beauty, tenderness, intelligence, life spouse, comrade-partner, eternal friendship.

УДК 304,2

Нурмагамбетова, Л.И.,

*экономика ғылымдарының кандидаты,
Дене шынықтыру спорт және туризм
теориясы мен практикасы кафедрасының
доценті, ҚМПУ*

Сағидолла, Х.У.,

*«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының
4 курс студенті, ҚМПУ,
Қостанай қ., Қазақстан*

**ЗАМАНАУИ ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ,
КЕЛІСІМ МЕН БІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

Түйіні

Мақалада заманауи жастар мәдениеті және толеранттылық, келісім мен бірлік құндылықтары жайында жазылған. Этносаралық қатынастар мен этникалық толеранттылық мәселесі қазіргі Қазақстанда маңызды болып саналады. Ксенофобияның көрінісі жастар арасында кеңінен байқалады, соның ішінде студенттер арасында, бұл жастардың әлеуметтануы және білім берудегі әлеуметтануының көрінісі. Сондықтан, мәдениет және білім қайраткерлері, ұлтаралық ынтымақтастық пен бірлікті сақтаудағы, гасырлар бойы көршілес тұрып келген ұлыстардың мәдениетіне, тарихына деген сыйластықты оятуда жауапкершілік дәрежесін түсіну керек. Өйткені, Қазақстан секілді үлкен мемлекет, қазіргі заманғы өзінің бірегей мәдениеті бар ұлттардың ортақ үйі болып саналатын ең ірі көп ұлтты мемлекеттердің бірі болып табылады.

Мақаланың мәнін ашатын сөздер: тәрбие, мәдениет, толеранттылық, қоғам, ұлт.

Кіріспе

Еліміз егемендік алып, Тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қауымдастыққа танылып жаңа демократиялық қоғамның дүниеге келуі, Қазақстанда ғылым-білімнің жаңа бағытта сипат алуына кең жол ашып отыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» бағдарламасында, Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, ақыл-ой, мәдени дамуының жоғарғы деңгейін және кәсіби